

## Менің ата-анам

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Әкем кітап оқиды,  
Шешем тоқыма тоқиды.  
Мен қасында отырып,  
Үлгі алып, олардан  
Түзеп алам, жолымды.



### Кел сөйлесейік...

**Мақсаты:** балалардың ата-анаға құрмет, қамқорлық сезімін арттыру. Әкесі мен анасын, бауырларын қадірлеп, құрметтей білуге, құрбыларын сыйлай білуге үйрету.  
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** педагог балаларды өздерінің ата анасы және отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап береді. Басқа балалардың да отбасы жайлы айтқандарын мұқият тыңдайды. Суреттегі отбасы туралы әңгімелейді.

**Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

### Менің әлемім

**Мақсаты:** балаларға отбасы мүшелері жайлы түсіндіру.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** балалар педагогтің түсіндіруімен суреттегі отбасылар жайлы ақпаратпен танысып, өз ойларын айтып, әңгімелеседі. Отбасында үлкендерге көмектесіп, айтқандарын тыңдау керек екені туралы айтады. Үйдегі өзінен кейінгі кішкентай бауырларына қалай қамқор болатыны жайлы әңгімелейді. Педагог балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Баланың әрекетіне қарай мадақтап, марапаттау қажет.

**Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

### Ертегі әлемі

«Ақылды етікші» ертегісі.



### Сергіту сәті

Оң қолымда бес саусақ,  
Сол қолымда бес саусақ.  
Оларды атап шақырар,  
Әрқайсысының аты бар.  
Бас бармақ,  
Балаң үйрек,





Ортан терек,  
Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек.

### Өзіміз жасаймыз

**Мақсаты:** балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** педагог балалардан бояу (гуашь) арқылы аналарына қандай түсте алқа сыйлағылары келетінін сұрайды. Балаларға қағаздарды таратып береді. Балалар сұқ саусағының көмегімен өздерінің қалауы бойынша алқаның суретін салады. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектеседі. Балалардың әрекеттеріне қарай мадақтайды.

**Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

### Сызықты жалғастырып сыз

**Мақсаты:** саусақ ептілігін, қол моторикасын арттыру.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** балалар дұрыс жазып үйренуі үшін, педагог түсіндіргеннен кейін, балалар дәптерде көрсетілген үзік сызықтарды мұқият қаламмен бастырып шығады. Дұрыс жазуды жылдам үйренуге көмектесу. Балалардың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

**Қажетті құралдар:** қалам, жұмыс дәптері.

### Сандар, пішіндер, түстер

**Мақсаты:** балалардың қисынды ойлау шеберлігін дамыту.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** балалар педагогтің түсіндіруімен жұмыс дәптерінен суреттегі бейнелердің көлемін, түрін, түсін сапасын, ерекшелігін байқап үйренеді. Дөңгелектерді тауып, түстерін атайды. Олардың қай жақта орналасқанын атап көрсету тапсырмасын орындайды. Келесі тапсырмада әр қатардағы заттардан сәйкес келмейтін суретті тауып боя тапсырмасын орындайды.

**Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



### Ойнайық, ойлайық

**Мақсаты:** баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** балаларға жұмыс дәптеріндегі екі суреттен қандай айырмашылықтарды көріп тұрғандарын атап көрсету тапсырмасын орындатады. Педагог балаларды күні бойы ойнату мақсатында, ойын айтуға мүмкіндік тудыратын ойынды ұсынады. Ол бір хабарлы сөйлем айтады. Ойынға қатысушылар келіссе «біз де» деп қосылып айтады. Егер келіспесе «жоқ» деген жауап қайтарады.

Дидактикалық ойын: «Біз де»

Мысалы:

- Мен шағын топқа барамын.
- Біз де.
- Көшеде ата-анамды тыңдамаймын.
- Жоқ.
- Тәрбиеші апайымды тыңдаймын.
- Біз де.
- Топтағы ойыншықтарды сындырамын.
- Жоқ.
- Тобымызға апайлардың келгеніне қуанып тұрмын.
- Біз де.

**Қажетті құралдар:** жұмыс дәптері.

### Тіл ұстарту

**Мақсаты:** балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы:** тақпақтар арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға көмектеседі және көркем сөйлеуіне ықпал етеді.

Әке - асқар тау,  
Ана – мөлдір бұлақ,  
Бала – жасыл құрақ.

**Қажетті құралдар:** тақпақтар.

**Күтілетін нәтиже:** ата-анасын құрметтеуге үйренеді. Балалардың бір-біріне сенімі артып, мейірімді сезінеді және өзара түсінушілік қалыптасады. Қиялы шырдалып, қызығушылықтары артады. Саусақ моторикасы дамып және негізгі түстерді топтастыруға үйренеді. Логикалық ойлауы дамиды. Дыбыстарды дұрыс айтуы қалыптасады.

